

Алматы облысы, Қарасай ауданы

«Шамалған ауылындағы орта мектеп» КММ



Жоба тақырыбы:

Кітап оқудың оқушы үлгеріміне әсері

Секция: тіл білімі

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к.

Жетекшісі: Исмайлова Айгуль Мухтаровна

Орындаған: Юришанова Ясмина

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Бұл ғылыми жобаның өзектілігі кітап оқудың оқушы үлгеріміне тигізер оң әсерін сараптап, саралап ашып көрсету. Кітап оқудың пайдасы мен игілігі жан-жақты ашылып жазылған. Ғылыми жоба барысында кітап оқудың оқушы үлгеріміне ғана емес, тұлғалық дамуына да, тұлға болып қалыптасуына да тигізер септігі мол екендігі айтылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Кітап оқу арқылы оқушы үлгерімін жақсарту.
Оқушылар арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру;
Оқушылар өміріндегі кітаптың алар орнын анықтау;
Кітаптың пайдасы туралы ақпараттар жинау;
«Оқуға құштар мектеп» жобасын дамыту туралы ұсыныс жасау;
Кітап оқудың түрлі тәсілдерін ұсыну;
Оқушының оқу үлгеріміне оң әсер беретін тәсілдерді жинақтау.

Негізгі бөлім

Кітап – адамзаттың асыл қазыналарының бірі. Білімнің қайнар көзі саналатын кітаптың құны мен қадірі еш төмендеген емес. Адамды ғалым, ғұлама еткен де осы кітап. Кітап оқымай табысқа, жетістікке жетемін деп айтудың да қазіргі таңда қисынсыз екеніне барлығының көзі жеткен. Кітаптың әр бетін ашқан сайын тылсым әлемге бой ұсынып, жаңа құндылықтарды үйрене түсесің. Кітап оқыған сайын терең ойланып, әр сөзің мәнді әрі мағыналы бола түседі. Бұнымен қоса жазушы Лев Толстой айтқандай: «Жақсы кітап – ақылды адамның әңгімесімен бірдей». Кез келген жақсы бір кітапты оқып болсаң, ақылды адамның әңгімесін тыңдағандай боласың. Себебі, кітап саған тәрбиелі болуға жол сілтеп, бағыт көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда кітаптың адамзат баласына берер пайдасы көп.

- **1.Кітап оқыған баланың есте сақтау қабілеті мен ойлауы дами түседі. Оқушы егер кітапты көп оқыса, онда ол кез келген нәрсені тез ойлап және оны тез қорыта алады.**
- **2.Кітап оқыған бала кез келген нәрсеге пікір білдіре алады. Сондай-ақ, белгілі бір оқиғаға талдау мен сараптау жүргізуге бейімі болады.**
- **3.Кітап оқыған бала адамдармен қарым-қатынас жасауға да үйреніп, әдемі сөйлеуге дағдыланады.**
- **4.Кітап оқыған баланың сөздік қоры байып, сауаттылық деңгейі артады.**
- **5.Кітап оқу арқылы баланың бойында бұғып жатқан шығармашылық қабілеттері ашылады. Сонымен қатар кітап оқу – табыс пен жетістікке де жетелей түседі.**

Көп оқыған оқушының көп білетіні ол – заңдылық. Оқушы кітапты көп оқыған сайын, есте сақтау қабілеті мен ақыл-ойының дамуы арта түседі. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Оқушы үлгерімінің негізгі факторы – кітап оқу болғандықтан мен бұл мәселені өзекті әрі негізгі тақырып етіп алдым.

- **Сонымен қатар, кітап оқудың мынандай тәсілдерін қолдану арқылы оқушының оқу үлгеріміне оң әсерін тигізсе болады:**
- 5 минуттан оқыту. Бұл өте тиімді әдістердің бірі. Ата-ана болсын, мұғалім болсын баланы 5 минуттан оқытуы керек. Бала 5 минутта оқығанының мазмұнын айтып, сәл үзіліс жасап, сосын әрі қарай мәтінді жалғастырады. Бұл әдіс оқушының есте сақтау қабілетін жақсарту арқылы оқу үлгеріміне өзіндік әсерін тигізе алады. Ал төменгі сынып оқушысы суретті кітапшаларды ұсынып, аз жолдан оқытуы тиіс. Сонда баланың кітап оқуға деген ынтасын қалыптастырып, оқу үлгерімін жақсартуға үлес қосады.
- Оқушы үлгеріміне әсер етудің тағы бір жолы, ұйқы алдында оқу. Өйткені адам ұйықтар алдында оқығаның, жағдайдың әсерімен ұйықтайды екен. Ұйықтаған уақытта ол әсер адамның миынан кетпейді, адамның ағзасы бұған үйреніп қалыптасқан.
- Жұпқа бөліп оқыту да оқушының үлгеріміне оң әсерін береді. Мысалы, екі оқушыға бір мәтінді қатар беріп, бір-бірімен салыстыра оқыту. Бұл жерде дарынды оқушы мен үлгерімі төмен оқушыны жұп қылып алған дұрыс. Себебі, дарынды оқушы қасындағы оқушыға өзінің септігін тигізіп, жететелей түседі.
- Оқушының үлгеріміне әсер ететін тағы бір әдіс – диктант жазу арқылы есте сақтап оқу. Оқушы үлгерімінің төмен болу себептерінің бірі – баланың есте сақтау қабілетінің нашар болуы. Атап айтар болсақ, оқушы 8-10 сөзден тұратын сөйлемді оқыса, аяғына келгенде басындағы 2-3 сөзді ұмытып қалады да сөйлемнің мазмұнын түсінбей қалады. Осы тұста баланың еске сақтау қабілетін нығайту үшін, сауатты жазуға және бірнеше әріптен тұратын сөздерді тез жаттауға жаттықтыру үшін ДИКТАНТ жаздырудың орасан зор пайдасы бар.

Қорытынды

- **Кітап оқу** – адамзат баласы ойлап тапқан ең ғажап құбылыстардың бірі һәм бірегейі. Кітап – адамның рухани дамуына күш беріп, адамшылық қасиеттерді арттыруға серпін береді. Кітапты тәрбиенің басы деуге де болады. Себебі, ертегі, жыр, аңыз, дастан, тәрбиелік өлеңдеріміздің барлығы бүгінгі күнге хатқа түсіп, кітап болып жетіп отыр. **Ұлы Абайдың:**
- **Пайда ойлама, ар ойла,**
- **Талап қыл, терең білуге.**
- **Артық білім кітапта,**
- **Ерінбей оқып көруге,** – деген сөзінен-ақ кітап туралы көп нәрсені айқын аңғаруға болады